

БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу деңгейін бағалайтын ұлттық құрал дайындалуда - Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.10.2025ТІРЕК СӨЗДЕР
Жұлдыз СүлейменоваСІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/183238/>

Сурет 1. Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу деңгейін бағалайтын ұлттық құрал дайындалуда - Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова

Қазақстанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияны күшейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес кешенді бастамалар іске асырылуда. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова «AMANAT» партиясының «Мұғалім Talks» кейс-платформасының екінші отырысында айтты.

Министрдің айтуынша, оқу процесіне цифрлық шешімдерді енгізу үш негізгі бағытта

жүргізілуде. Осы мақсатта Министрлік Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп 2025–2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің тұжырымдамалық негіздерін бекітті.

«Министрлік білім мазмұнының сапасын қамтамасыз етуге және оны сараптамадан өткізуге басымдық береді», – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Бұған қоса, оқытуды дербестендіруге бағытталған «AI Kitap» платформасы іске қосылып, «Day of AI» онлайн-әдістемелік кешені әзірленді. Жасанды интеллектті қауіпсіз әрі әділ қолдану мақсатында этикалық стандарттар бекітілді.

«Педагогтердің жасанды интеллектті тиімді қолдану біліктілігін арттыру үшін “Acquire → Deepen → Create” үш деңгейлі оқыту жүйесі іске қосылды. Қазірдің өзінде ЮНЕСКО бағдарламасы негізінде әзірленген “Acquire” деңгейіндегі онлайн курсынан 200 мыңнан астам мұғалім өтті. Ал жоғары деңгейдегі оқытуға 15 мыңнан астам информатика пәні мұғалімі қатысады, олардың жартысынан көбі – ауыл ұстаздары», – деді министр.

Қазіргі таңда министрлікпен жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу деңгейін бағалайтын ұлттық құрал дайындалуда. Бұл бастама PISA–2029 халықаралық зерттеуіне дайындықтың бір бөлігі болып табылады. Аталған циклде алғаш рет жасанды интеллект сауаттылығы бағаланбақ.

Министр сондай-ақ информатика, робототехника және жасанды интеллект бағыттарында дарынды балаларды анықтау мен қолдауға ерекше назар аударылатынын айтты.

Сонымен қатар, педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған 56 бағдарламаға «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану» атты жаңа модуль енгізілді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.